

02 10 05-02-РДБ А

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылдың 01 қыркүйегіндегі №19-17-3-1300 хатында көрсетілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігі растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі №339 бұйрығы 2021 жылдың 20 қыркүйегінен бастап төмендегідей өзгерістермен күшіне енді.

Атап айтқанда:

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 79 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-ақпараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

-ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес оқу кабинеттерінің, спорт залдарының, зертханалардың жабдықтармен және жиһаздармен жабдықталуы, оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы және бастауыш білім беру кабинеттерінде жеке пайдалану үшін шкафтардың болуы;

-Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды қарама-қарсы бояумен бояу).

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы №71 қаулысына сәйкес санитариялық тораптардың болуы (унитаздар, қолжуғыш раковиналар).

Осыған байланысты, алдағы уақытта жаңадан ашылатын мектептер білім беру қызметімен айналысуға лицензия және лицензияға қосымша алу үшін жоғарыда аталған талаптарға толық сәйкес болуы қажет.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған мектептердің материалдық-техникалық базасын ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкестендіру шараларын қабылдау қажеттілігін ескертіп назарға ұстау үшін жолдайды.

Басшы

М.А.Базарова

Орындаған: Г.Е.Шапетова

04 10 05-02-1201 21

Мекеме басшыларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы «Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» № 498 бұйрығын орындау үшін (ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар) 2022 жылға мүгедектерге квота белгіленуіне байланысты өңірдегі жұмыс істеп тұрған ұйымдардың санын, жұмыскерлердің штат санын және бос жұмыс орындарының саны туралы мәліметті төмендегі кесте бойынша 2021 жылдың 07 қазаны сағат 17-00 ге дейін аудандық білім бөлімінің кадр меңгерушісі Г.Е.Шапетоваға (abb_gulvira@mail.ru) электронды түрде жіберу қажеттілігін ескертеді.

№	Ұйымның атауы	Жалпы жұмыс орындарының саны	Оның ішінде ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарының саны	Жұмыс жасап жатқан мүгедектердің саны	Бос жұмыс орындарының саны
1					

Басшы



М.А.Базарова

Орындаған: Г.Е.Шапетова